

"Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 08-227 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылды 17 қыркүйекте № 3431 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 04 қыркүйектегі № 412 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 04.09.2018 № 412 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Ұйғыр ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Усембеков Серік Нұрмұханұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындалған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Исламов Султан Турсуновичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндеттін атқарушы

Қ. Бекмуханбетов

Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
14 тамыздағы "Ұйғыр ауданының
сәулет және қала құрылышы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің Ережесін
бекіту туралы" № 08-227 қаулысымен
бекітілген қосымша

"Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) аудан аумағында сәулет және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлімге егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041800, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Кинтал Исламов көшесі, № 70.

9. Мемлекеттік органдың толық атауы - "Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлімнің миссиясы: аудан аумағында сәулет және қала құрылышы қызметін жүзеге асыру.

14. Міндеттері:

1) аудан аумағында сәулет және қала құрылышы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) аудан аумақтары мен елді мекендерде қала құрылышын жоспарлау, ұйымдастыру және дамыту қызметін жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының аудан құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын іске асыру;

3) аудан аумағының аудан құрылышын дамыту схемаларын, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

4) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;

6) жоспарланып отырған құрылышын салу не өзге де қала құрылышы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкімінің және аудандық мәслихаттың қарауына ұсыныстар енгізу;

2) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

3) жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгілеген тәртіппен қарау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыretі шегінде басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Бөлімнің бірінші басшысын Ұйғыр ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыretі шегінде айқындауды;

2) Бөлім қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындауды және босатады;

3) Бөлім қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыretі шегінде бұйрықтар шығарады;

5) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыretі шегінде Бөлімнің мүддесін білдіреді;

6) Бөлімде сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Бөлімнің мүлкі

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК